

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 84/10-VIII шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қазанда № 1357-01 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-2-тармағына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Астана қаласының мәслихаты кейбір шешімдерінің күші 2-қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 17-тармағын және 52-тармағының 4-бөлігін қоспағанда, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 3 қазандағы
№ 84/10-VIII шешіміне
1-қосымша

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 07.03.2024 № 151/19-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Астана қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 55-бабы

1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 12, 13-баптарына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай терминдер мен ұғымдар қолданылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Астана қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

4) Әлеуметтік төлемдер орталығы – әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының орталық филиалы;

5) әлеуметтік көмек – ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

- 6) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- 7) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көрсетілген адамдар;
- 8) еңбек ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдар;
- 9) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;
- 10) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;
- 11) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);
- 12) көп балалы отбасылар – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылар ;
- 13) көп балалы аналар – "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар;
- 14) мереке күндері (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;
- 15) мерекелік күндер – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
- 16) мүгедек бала (мүгедек балалар) – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және әлеуметтік жағынан қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;
- 17) мүгедектігі бар адам – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;
- 18) алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

20) Ұлы Отан соғысының ардагерлері – аталған адамдар "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында;

21) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабында көрсетілген адамдар;

22) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

23) шекті шама мөлшері – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 07.03.2024 № 151/19-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2026 № 437/56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мөлшері және түрлері, сондай-ақ алушылар санаттарының тізбесі осы Қағидамен белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек біржолғы және (немесе) кезең-кезеңімен (ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет) көрсетіледі, ол өтініш берілген айдан бастап жүзеге асырылады және Астана қаласында тіркелген әрі тұрақты тұратын азаматтарға ұсынылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Әлеуметтік көмекті көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру Астана қаласының ағымдағы қаржы жылына арналған бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – әкімші) әлеуметтік көмек сомаларын Мемлекеттік корпорацияға аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі әкімші тарапынан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

Әлеуметтік көмекті есептеу және көрсету кезінде тиынмен есептелген барлық сомалар тиын мөлшеріне қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектенуге жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Заттай нысандағы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жеткізушілерді (бұдан әрі – жеткізушілер) әкімші анықтайтын қызмет көрсету арқылы ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек алушылар санаттары туралы мәліметтер әкімші тарапынан Мемлекеттік корпорацияға немесе өзге де ұйымдарға жолданған сұрау салу негізінде, не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Өтініш беруші толық емес және (немесе) дәйексіз мәліметтерді ұсынған, сондай-ақ өтініш беруші арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мемлекеттік ұйымдарда тұратын жағдайда Немесе өтініш беруші бас бостандығынан айыру орындарында болған жағдайда әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

9. Әлеуметтік көмек мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тұрақты тұру үшін Астана қаласынан тыс жерге кеткен;
- 3) алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына тұруға жіберілген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің анық еместігі анықталған;
- 5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындағаннан кейін келесі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Артық төленген әлеуметтік көмек сомалары ерікті түрде қайтарылуға жатады, ал заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды әкімші "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерек қорын пайдалана отырып жүргізеді.

12. Әлеуметтік көмекті көрсету үшін қажетті құжаттарды ұсыну әкімшіде қолжетімділік бар ақпараттық жүйелерден ақпаратты алу мүмкіндігі болғанда талап етілмейді.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттары

13. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттарына:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
- 4) еңбек ардагерлері;
- 5) "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 1), 2), 3) тармақшаларында аталған адамдар (бұдан әрі – басқа да адамдар);
- 6) зейнеткерлік жастағы адамдар, оның ішінде жасы бойынша зейнеткерлер, зейнеткерлік жасқа жеткен жасына байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
- 7) мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 8) мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар ;
- 9) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;
- 10) көп балалы отбасылар, көп балалы аналар;
- 11) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлерінің түлектері;
- 12) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын табысы аз адамдар (бұдан әрі – табысы аз азаматтар);
- 13) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар;
- 14) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;
- 15) пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар;
- 16) табиғи апат салдарынан зардап шеккен азаматтар (отбасылар) немесе олардың мүлкі;
- 17) өрт салдарынан зардап шеккен азаматтар (отбасылар) немесе олардың мүлкі;
- 18) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен, жасына байланысты зейнетақы алушылар санатындағы азаматтар;

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 07.03.2024 № 151/19-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.06.2024 № 194/24-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2026 № 437/56-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3-тарау. Ақшалай нысанда әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

Ескерту. 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Естелік күндер мен мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмек күнтізбелік жылда бір рет, бір негіз бойынша және ең жоғары сома мөлшерінде ақшалай төлем түрінде келесі азаматтар санаттарына тағайындалады:

2,5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде:

8 наурыз (Халықаралық әйелдер күні) – көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға, оның ішінде аз қамтылғандарға;

1 мамыр (Қазақстан халқының бірлігі күні) – жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

31 мамыр (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) – саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға;

29 тамыз (Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні) – Астана қаласында біржолғы ақшалай өтемақы алған, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың ішіндегі жасына байланысты зейнеткерлерге;

1 қазан (Қарттар күні) – жасына байланысты зейнеткерлерге және ең төменгі зейнетақы мөлшерін алушылар санатындағы зейнеткерлік жастағы адамдарға.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. 60 АЕК көлеміндегі әлеуметтік көмек:

16 желтоқсан (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні) – Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына.

16. 45 АЕК көлеміндегі әлеуметтік көмек:

15 ақпан (Ауғанстан Демократиялық Республикасынан кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні) – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және Ауғанстанда әскери қызмет өткеру кезінде алған жаралануы, контузиясы, мертігуі немесе ауыруы салдарынан мүгедектігі анықталған ардагерлер мен әскери қызметшілерге;

26 сәуір (Чернобыль атом электр станциясындағы авария құрбандарын еске алу күні) – 1986–1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысқан тұлғалар қатарынан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген жеңілдіктері бар ардагерлерге, Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға, сондай-ақ 1988–1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушылар қатарынан, оқшаулау және қоныстандыру аймақтарынан Қазақстан Республикасына эвакуацияланған (өз бетінше көшіп келген) адамдарға, оның ішінде эвакуациялау күні ана құрсағында болған балаларға.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 07.03.2024 № 151/19-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2026 № 437/56-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

17. Мүгедектігі бар адамдар күніне (қазан айының екінші жексенбісі) әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына беріледі:

1-топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 АЕК бойынша;

2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға және барлық топтағы он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 10 АЕК;

3-топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 5 АЕК (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

18. 9 мамырға (Жеңіс күні) әлеуметтік көмек мына санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 (бір) миллион теңгеден кем емес;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге (осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 45 АЕК;

басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлеріне (осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 45 АЕК;

басқа да адамдарға ("Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген), еңбек ардагерлеріне ("Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдар) – 15 АЕК;

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Әкімші әлеуметтік көмек алушылардан өтініштерді талап етпестен, келесі санаттарға жататын адамдардың тізімдерін қалыптастырады:

осы Қағидалардың 14, 15, 16, 17, 18-тармақтарында, Мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу немесе уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде алынған мәліметтер негізінде;

осы Қағидалардың 39-тармағында, Астана қаласы әкімдігінің " АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – "АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы" МКҚК) мәліметтері негізінде.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Астана қаласын газдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес газдандырылуға жататын жеке тұрғын үйлерде тұратын, олардың меншік иелері болып табылатын немесе меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылатын жасына байланысты зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға, көпбалалы аналарға және көпбалалы отбасыларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне, егер оларда және олардың отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған және жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің төрт еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда тұрғын үйді газдандыруға арналған біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі."

Әлеуметтік көмектің мөлшері өтініш берушінің газ жабдығын тартуға және орнатуға байланысты нақты шығындары негізінде айқындалады, бірақ 130 АЕК-тен аспауы тиіс.

Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші әкімшіге келесі құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) газ жабдығын тартуға және орнатуға байланысты тұлғаның шеккен шығындарын растайтын акт және/немесе құжат (чектердің көшірмелері, түбіртектер, қызмет көрсету шарты және т.б.);
- 3) тұлғаның (отбасы мүшелерінің) кірістері туралы мәліметтер;
- 4) мәртебені растайтын құжаттың көшірмесі (зейнеткерлік куәлік, мүгедектік туралы анықтама, балалардың туу туралы куәліктері, жергілікті атқарушы органның қаулысы немесе бұйрығы);
- 5) отбасының барлық мүшелеріне жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың жоқ (бар) екендігі туралы анықтама.

Құжаттар түпнұсқада және салыстыру үшін көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші осы Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, әкімшіге өтінішпен жүгінеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

§1. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Мұқтаж азаматтар санатына жатқызу үшін негіздер:

1. табиғи апат салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне зиян келуі;
2. өрт салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне зиян келуі;
3. әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4. жан басына шаққандағы орташа табыстың жергілікті өкілді органдар республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста айқындаған шектен аспауы.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Өтініш беруші қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсына алмаған жағдайда, әкімші тиісті мәліметтері бар өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

24. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек, егер мұндай ақшалай төлемдерді ұсыну, қызметтер көрсету немесе өзге де өтеу үшін негіздер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге тәртіппен болмаған жағдайда ғана ұсынылады.

25. Осы Қағидалардың 22-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмек көрсетілген кезде әкімші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын (осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өтінішті) тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру үшін учаскелік комиссияға жолдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша тұлғаның (отбасының)

материалдық жағдайы туралы акт жасайды, осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды әзірлейді және оларды әкімшіге жолдайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Әкімші 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық топтамасын арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Арнайы комиссия құжаттар түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған жағдайда әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Әкімші өтініш берушінің әлеуметтік көмек көрсетуге арналған құжаттары тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы арнайы комиссияның қорытындысы негізінде әлеуметтік көмекті тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 24-тармағында көрсетілген жағдайда, әкімші өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту негіздері анықталған жағдайда, әкімші шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні алдын ала бас тарту туралы шешім жөнінде, сондай-ақ алдын ала шешімге қатысты өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу туралы хабардар етеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31. Осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі.

32. Әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің анық емес екендігі анықталған кезде;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізуден бас тартқан, жалтарған жағдайда;
- 3) адам (отбасы) жан басына шаққандағы орташа табысының әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен асып кеткен жағдайда;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен осы негіз бойынша әлеуметтік көмектің тағайындалғандығын, төлемдердің жүзеге асырылғандығын, әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берілгендігін растайтын мәліметтер алынған жағдайда.";

төлемдердің жүзеге асырылғаны, сондай-ақ осы негіз бойынша әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берілгені туралы әлеуметтік көмектің тағайындалғанын растайтын мәліметтер алынған кезде.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

§ 2. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33. Азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілу негізі бойынша әлеуметтік көмек мынадай мөлшерлерде ақшалай төлем түрінде көрсетіледі:

- 1) дүлей зілзаланың салдарынан зардап шеккендерге – жалғыз тұрғын үйіне залал келтірілген жағдайда, бір отбасына 400 АЕК;
- 2) өрт салдарынан зардап шеккендерге – жалғыз тұрғын үйіне залал келтірілген жағдайда, бір отбасына 400 АЕК;
- 3) өрт салдарынан отбасы мүшелерінің қаза болу жағдайы орын алған кезде – әрбір қайтыс болған адамға 150 АЕК.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34. Әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзі немесе отбасы атынан әкімшіге келесі құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) дүлей зілзаланың салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжат;
- 3) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжат;

4) жоғалған, бүлінген тұрғын үйдің өтініш берушіге тиесілі екенін растайтын құжаттар:

меншік құқығында тиесілі тұрғын үй үшін – жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың жоқ (бар) екендігі туралы анықтама және құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын тұрғын үй үшін – меншік иесі тарапынан тұрғын үйді күтіп-ұстау міндеті белгіленген тұрғын үйде тұру құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;

5) отбасы мүшесінің қайтыс болу фактісін және онымен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар – адам өлімі болған жағдайда.

Дүлей зілзала немесе өрт салдарынан мүлікке залал келтірілген жағдайда әлеуметтік көмек зардап шеккен мүліктің меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан, мүлік орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

36. Әкімші табиғи зілзала немесе өрт жағдайы пайда болған күннен бастап төрт айдан кешіктірмей әлеуметтік көмек алуға келіп түскен өтініштерді қарайды.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

§ 3. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

37. Әлеуметтік мәні бар ауру – туберкулез бойынша әлеуметтік көмек белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға Астана қаласы әкімдігінің "Астана қаласының Туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Туберкулезге қарсы диспансер) диспансерлік есепте тұрған және амбулаторлық емделудегі азаматтарға 10 АЕК ай сайынғы ақша төлемдері түрінде ұсынылады.

38. Осы Қағидалардың 37 – тармағында көрсетілген туберкулезге қарсы диспансер ай сайын ұсынатын азаматтардың тізімдері (бұдан әрі – тізім) мынадай құжаттарды қоса бере отырып, әлеуметтік көмек көрсету үшін негіз болып табылады:

1) осы Қағиданың 37-тармағында көрсетілген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

3) әлеуметтік мәні бар аурудың бар екендігін растайтын құжат.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39. 25 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша көрсетіледі:

адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған ауру, оның ішінде адамның иммун тапшылығы вирусын – "АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" МКҚК-да диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға беру;

қатерлі ісіктер – қаланың медициналық ұйымдарында тиісті ауру бойынша диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40. Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация есебінде тұрған адамдарға босатылғаны туралы анықтаманы ұсына отырып, босатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей жүгінген жағдайда, өтініші бойынша біржолғы әлеуметтік көмек ақшалай түрде 15 АЕК мөлшерінде бір рет көрсетіледі. Көрсетілген көмек өмірінде бір рет, міндетті түрде жұмысқа орналасу шартымен беріледі және қайта тағайындалмайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

42. Осы Қағидалардың 37, 39-тармақтарына сәйкес ұсынылатын әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтар туралы мәліметтерді әкімшінің қызметкерлері жария етуге жатпайды.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген шектен аспайтын негіздер бойынша әлеуметтік көмек

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 26.06.2026 № 437/56-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

§1. Кірісті есептемегенде әлеуметтік көмек

